

6D021500 – «Исламтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Бейсенбаев Бактыбай Кыдырбаевичтің «Қазақстандағы ислами білім беру: тарихы, қазіргі жағдайы және даму келешегі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап өту керек)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Ізденушінің «Қазақстандағы ислами білім беру: тарихы, қазіргі жағдайы және даму келешегі» атты тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді: - Елдің зияткерлік әлеуеті, Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер: жаңа гуманитарлық білім. Философиялық және дінтану зерттеулері сәйкес келеді.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаны жообаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі	1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалмаған; 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған; 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес 6D021500 – «Исламтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен

		жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	қаржыландырылған докторантура аясында әзірленген диссертациялық жұмыс.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға <u>елеулі үлесін қосады/қоспайды</u> , ал оның <u>маңыздылығы ашылған/ашылмаған</u> .	Диссертациялық жұмыста қойылған зерттеу міндеттері мен қол жеткізілген нәтижелердің орындалуын қамтамасыз ете отырып, Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесінің тарихи қалыптасуы мен даму үдерісі жан-жақты зерттеліп, ғылыми негізделе отырып, ғылымның дамуына елеулі үлес қосады . Зерттеу жұмысы отандық және халықаралық зерттеушілердің исламдық білім берудегі рөлі, исламдық білім беру мекемелерінің институционалдық құрылымдарының эволюциясы, ислами білім берудің тарихи және теориялық негіздері жан-жақты қарастырылған, сондай-ақ білім беру бағдарламаларына талдау жасау арқылы диссертациялық жұмыстың маңыздылығы ашылған .
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмыста қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келетін теориялық және практикалық нәтижелерге қол жеткізуді көрсетеді. Жұмыстың мазмұны материалды ұсынудың логикалық реттілігіне сәйкес құрылымдалған және ғылыми стильдің талаптарына толық сәйкес келеді. Диссертациялық жұмысты орындаудың өзі жазу деңгейі жоғары нәтижені көрсетеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Диссертациялық жұмыстың өзектілігін айқындау мақсатында ғылыми дереккөздерге кешенді талдау

	1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	жүргізіліп, мәселе жан-жақты зерделенді. Зерттеудің құрылымы, мақсаты, міндеттері және қорғауға ұсынылған негізгі қағидалары өзара қисынды түрде үйлесім тапқан. Алынған нәтижелер ғылыми тұрғыдан негізделіп , зерттеу тақырыбының шеңберінде өзара сабақтас әрі логикалық байланысты қалыптастырған. Жұмыс тақырыбының өзектілігі мен ғылыми-практикалық құндылығы жеткілікті айқындалған.
4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды.		Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын және қорғауға ұсынылып отырған қағидалар зерттеу мазмұнын айқындайды .
4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді ; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді		Диссертациялық жұмыстың мақсаты диссертация тақырыбына, қойылған мақсатқа жету үшін орындалған міндеттер де диссертация тақырыбына сәйкес келеді .
4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан ; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ		Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылымы өзара логикалық түрде толық байланысқан .
4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидалар, әдістер) дәлелденіп,		Ізденуші ұсынған жаңа шешімдер сыни талдаудан өтіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып,

	бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сiгтемелеріне негіздепген	дәлелденген. Зерттеу барысында жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес зерттеу материалдары мен әдістері тиімді пайдаланылған. Диссертациялық жұмыс аясында көптеген ғалымдардың еңбектерін негізге алып, қажетті материалдарды жинақтап, жүйелі түрде өңдеген және сыни тұрғыдан салыстырылып бағаланған . Автордың ұсынған жаңа шешімдері ғылыми негізде дәлелденіп, нақтыланған .
5. Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесін кешенді ғылыми негізде зерттеген еңбек ретінде бұл диссертациялық жұмысты ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады) деп қарастыруға негіз бар. Зерттеу барысында исламдық білім берудің тарихи қалыптасуы, қазіргі жағдайы және даму болашағы туралы деректер мен зерттеулерді жан-жақты қарастырып, бұрын ғылыми айналымда кеңінен талданбаған тұжырымдар ұсынылған. Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар: - Исламның әлеуметтік-мәдени институт ретіндегі қалыптасуы кешенді түрде зерттелді. Қазақ даласына ислам дінінің таралу тарихы кезеңдерге бөлініп, жүйелі түрде талданды. Исламның жергілікті мәдени-дәстүрлік жүйемен өзара ықпалдасу үдерісі және оның рухани құндылықтар жүйесіне ықпалы кең ауқымда ғылыми тұрғыда зерделенді. - Исламдық білім беру жүйесінің эволюциялық дамуы тарихи, мәдени және педагогикалық аспектер негізінде тереңдетілген талдауға түсті. Дәстүрлі және

			реформалық бағыттардың өзара сабақтастығы мен айырмашылықтары айқындалып, білім мазмұны мен құрылымындағы өзгерістер ғылыми негізде жүйеленді. - Орталық Азия мен Қазақстаннан шыққан ислам ғұламаларының діни-ағартушылық қызметі исламтанулық контексте талданып, олардың исламдық білім беру жүйесіне қосқан үлесі мен ғылыми-рухани дәстүрді жалғастырудағы орны нақтыланды. - Исламдық білім беру жүйесіне қатысты халықаралық (Мысыр, Түркия, Малайзия, Өзбекстан және т.б.) және отандық тәжірибелерге салыстырмалы талдау жүргізілді. Бұл талдау негізінде ертүрлі модельдердің артықшылықтары мен кемшіліктері анықталып, қазақстандық жағдайға бейімдеудің ғылыми негізделген жолдары ұсынылды. - Исламдық оқу орындарындағы білім беру бағдарламаларына кешенді салыстырмалы талдау жасалды. Олардың мазмұндық құрылымы, діни-ағартушылық әлеуеті мен исламтану сапасына әсері бағаланып, мазмұндық тиімділік көрсеткіштері сарапталды. - Қазақстандағы медресе-колледждердің білім беру бағдарламалары тарихи-эволюциялық тұрғыдан кезең-кезеңімен зерттелді. Олардың құқықтық мәртебесі мен қазіргі заман талаптарына бейімделу деңгейі алғаш рет ғылыми түрде жүйеленіп ұсынылды.
--	--	--	--

		- Исламдық білім беру жүйесінде кәсіби маман қалыптастырудың интеграцияланған моделі әзірленді. Бұл модель ұлттық құндылықтар мен дәстүрлі діни ілімдерді заманауи білім беру стандарттарымен ұштастыру арқылы сипатталады. - Саладағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған стратегиялық және қолданбалы сипаттағы ғылыми ұсыныстар тұжырымдалды. Бұл ұсыныстар исламдық білім беру жүйесін жетілдірудің ғылыми негізделген бағыттарын айқындайды.
5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертация қорытындыларының бірі жартылай, бірі толығымен жаңа болғандықтан, жалпы алғанда оларға ішінара жаңа деген баға берілді. Зерттеу нәтижелері бойынша жасалған қорытындылар алдыңғы зерттеулердегі тұжырымдарға, сонымен қатар жаңа деректер мен зерттеулерге негізделгендіктен, жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады) болып есептеледі.
		Диссертация жұмысының тақырыбы әлеуметтік-гуманитарлық ғылым бағытында орындалғандықтан техникалық, технологиялық, экономикалық салалармен тікелей байланыспайды. Сонымен қатар, талдау нәтижелері негізінде ұсынылған қорытындылар мен түйіндер ғылыми тұрғыдан ауқымды мәселелерді шешуге бағытталғандықтан жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады).

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген / негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Ізденушінің қорғауға ұсынған қағидалары мен диссертациялық зерттеуінің қорытындылары ғылыми тәжірибелік деңгейде негізделген .
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидалар	Әр қағидағ бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидағ дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) иә; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) иә; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең;	7.1 Негізгі қағидалар дәлелденген. Ізденіс ауқымында автор тарапынан 8 қағидағ айқындалған және олар зерттеудің нәтижесімен бірлікте тұтасқан, дәлелденген; 7.2 Жоқ, тривиалды емес. Автор әр қағидағты жан-жақты дәйектеуге тырысқан. 7.3 Ішінара жаңа. Отандық дінтану саласындағы зерттеулерде аталған ізденісте жасалған қорытындылар алдыңғы зерттеулердегі тұжырымдарға, сонымен қатар жаңа деректер мен зерттеулерге негізделгендіктен, жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады) болып есептеледі. 7.4 Қолдану деңгейі орташа: әлеуметтік-гуманитарлық ғылым саласында, осы бағыттағы пәндер аясында және кұзырлы органдардың қызметі ауқымында пайдалануға болады. 7.5 Иә, зерттеу жұмыстың нәтижелері Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті

	4) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә; 2) жоқ	ұсынған ғылыми басылымдарда және Scopus деректер базасында импакт-фактор бойынша Q1 кіретін журналда мақаласы жарияланған. Жарияланған мақалалар жүргізілген жұмыстың мазмұнына сай келеді және дәлелденген.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	Иә, ізденуші зерттеу әдістемесін тандауы негізделген және оны диссертацияда сипаттаған. Тақырып бойынша ғылыми-теориялық еңбектерге талдау жүргізілген, эмпирикалық зерттеу әдістері қолданылған, сауалнамалар алынып, нәтижелер статистика әдістерімен өңделген.
	8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) иә; 2) жоқ	
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) иә; 2) жоқ	Иә, диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Ізденуші ғылыми талдау, салыстыру, жүйелеу, жалпылау, бақылау, сауалнама, PRISMA зерттеу әдістерін пайдалана отырып, тиісті ғылыми нәтижелерге қол жеткізген.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша дағдылау бағыттары үшін нәтижелер	Диссертация жұмысының зерттеу нысаны эксперименттік зерттеулерді қажет етпеді. Теориялық қорытындылар нақты исламтанулық және деректанулық зерттеулермен дәлелденіп расталған.

	педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) иә; 2) жоқ 8.4 Мамызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті / жеткіліксіз	Диссертацияда ізденуші келтірген мамызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Пайдаланылған әдебиет көздері ізденушінің зерттеу тақырыбы бойынша жүргізген әдеби шолуы үшін жеткілікті. Диссертант зерттеу жұмысында отандық және шетелдік дереккөздерге жеткілікті сілтеме жасаған.
9	Практикалық құндылық принципі 9.1 Диссертацияның теориялық мамызы бар: 1) иә; 2) жоқ 9.2 Диссертацияның практикалық мамызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) иә; 2) жоқ 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа;	Иә, теориялық негіздері мен практикалық жүзеге асырылуы зерттеу мәселесі мен оның мақсаты мен міндеттеріне сай негізделген. Қазақстандағы ислами білім беру туралы отандық және шетелдік ғылыми еңбектер мен зерттеулер және озық әдістемелік негіздері қарастырылған. Иә, диссертациялық жұмыстың практикалық мамызы және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Өйткені, зерттеу нәтижесінде алынған қорытындылар еліміздегі ислами білім беру саласында қызмет атқаратын білім беру ұйымдары үшін әдістемелік және мазмұндық тұрғыда мамызды болып табылады. Диссертациядағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.

		2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын ресімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын және белгіленген талаптарға сәйкес орындалған.
11.	Диссертацияға ескертулер		-диссертация ислами білім беру мәселесіне арналғандықтан, зерттеу объектісі ислами білім болғандықтан, ең басында жалпы діни, конфессионалдық білім мен дін туралы зайырлы, дінтанулық білімнің, ислами білім мен исламтанулық білімнің аражігін айқындап алған дұрыс болар еді; -зерттеудің ғылыми жаңалығы деген бөлімде: 4.Исламдық білім берудің халықаралық және отандық тәжірибелеріне салыстырмалы талдау және 8.Мысыр, Түркия, Малайзия, Өзбекистан және өзге де елдердегі исламдық білім беру жүйесінің озық тәжірибелері талданған деп көрсетілген, бірақ бұл екеуі негізінен бір нәтиже. Дегенмен, қорғауға ұсынылатын негізгі нәтижелерде диссертант бұл мәселені реттеп, 9 емес, 8 нәтиже көрсеткен... -зерттеу жұмысында терминологиялық бірізділікке мән берілмеген кей тұстары байқалады. «Исламдық», «ислами», «исламтану» ұғымдары бірыңғай ғылыми стильде қолданған жөн;

		Аталған ескертулер диссертациялық жұмыстың құндылығына нұқсан келтірмейді, болашақтағы зерттеу жұмысында ескеріледі деп есептеймін.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбына сәйкестігі, олардың ғылыми деңгейі зерттеу жұмысының өзектілігін, әдіснамалық негізділігі мен алынған нәтижелердің жаңашылдығы және практикалық құндылығын толыққанды ашып көрсеткен. Диссертанттың диссертация жұмысы алынған ғылыми нәтижелер бойынша 5 жұмыс жарияланған: – Scopus деректер базасында CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда 2 мақала (процентиль 90% және 65%), оның ішінде 1 мақала Web of Science Core Collection деректер базасында индекстелетін JCR деректеріне сәйкес импакт-фактор бойынша Q1- Q2 кіретін журналда; – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда 1 мақала жарияланған; – халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдарының жинақтарында 2 мақала; Жүргізіген зерттеу жұмысы автордың ғылыми талдау әдістерін жақсы меңгергенін, ғылыми зерттеулер жүргізуге қажетті дайындық деңгейінің жоғары

		екендігін растайтын, сонымен қатар Қазақстандағы ислами білім беру, гуманитарлық ғылымдар салаларында білімінің жеткілікті екенін көрсетеді. Мақалаларында зерттеу жұмысын жүргізу барысында зерттеу тақырыбы бойынша қойылған талаптарды нақты анықтап, практикалық тұрғыда іске асыра алатын, зерттеу нәтижесін талдауға және жариялауға қабілетті зерттеуші ретінде көрсете білді.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Жоғарыда айтылғандарды тұжырымдай отырып, Бейсенбаев Бактыбай Қыдырбаевичтің «Қазақстандағы ислами білім беру: тарихы, қазіргі жағдайы және даму келешегі» атты диссертациясы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің барлық талаптарын қанағаттандырады. Бейсенбаев Бактыбай Қыдырбаевич 6D021500 – «Исламтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынамын.

Ресми рецензент:

философия ғылымдарының докторы,
 әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
 «Дінтану және мәдениеттану»
 кафедрасының профессоры



Байтенова Н. Ж.